

Облыстық балалар ман жасөспірімдер туризмі орталығы
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша іс-қимыл туралы заңды»
таныстыру тақырыбында өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ №2

Өткен күні

30.06.2023ж.

Қатысқандар

23

Күн тәртібі:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша іс-қимыл туралы заңды» таныстыру;
2. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл үлгілік базалық бағытын іске асыру» туралы орталық жоспарын таныстыру.

Тыңдалды:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша іс - қимыл туралы заң» бойынша орталық директорының орынбасары С. Нармұхамбетов таныстырып өтті.

Дайындалған слайд бойынша қызметкерлер сыбайлас жемқорлықтың себептері, сыбайлас жемқорлыққа қатысты субъектілер, қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялар туралы ақпарат алды.

Қызметкерлердің қойылған сұрақтарына тиісті жауаптар берілді.

- Сыбайлас жемқорлыққа адамдар не себепті барады деп ойлайсыз?
- Сыбайлас жемқорлық білім саласында неге көбейіп кеткен?


2. Ақпараттық-талдау бөлімінің жетекшісі А.Тұрақбаева «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл үлгілік базалық бағытын іске асыру» туралы орталықтың 2023 жылға арналған жоспарымен таныстырды.

Орталық жоспары Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарымен, облыс әкімдігінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл үлгілік базалық бағытын іске асырудың жоспарын негізге ала отырып, орталық әдістемелік нұсқаулығы дайындалып, бекітілді.

Жоспарда қызметкерлердің, әдіскерлердің бос лауазымдарына орналасу, қызметкерлерді аттестаттау, қабылдау конкурстық комиссия қызметі, орталықтың мүлкіне жауапкершілікпен қарау туралы шаралар енгізілгені айтыла келе, орталықтың сайтына құжаттардың енгізілгені ескертілді.


Мүдделер қақтығысын болдырмау, қызметкерлердің әдеп сақтауы, мәдениеттілігі туралы сұрақтар қойылды.

Төраға:



С. Нармұхамбетов

Хатшы:



А. Тұрақбаева